

Бекітемін:

«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы»

әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Тіл – татулық тірегі»

(Ортаңғы, «Толағай» тобы)



Тәрбиеші: Әміреова Алтын
Байбақова Жайнагүл

5.09.2025 жыл

Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі елімізде барша азаматтар үшін ұлты мен нәсіліне қарамастан темірқазық тілге айналуы керек. Басқаша болуы да мүмкін емес. Олай дейтін себебіміз, мәселен, өркениетті елдердің қай-қайсысына барсаңыз да, мемлекеттік тілдерінің үстем екенін байқайсыз. Сол елдің барлық азаматтары бір тілде сөйлеп, бір тілде тіршілік жасайды. Ал, бірақ ұлттары әртүрлі болуы мүмкін. Демек, мемлекеттік тілдің өзі қоғамды топтастырып, елді біріктірудегі тигізер үлес-салмағы аз емес. Осы тұрғыдан келгенде мемлекеттік тілді ардақтап, құрметтеуді әрбір қоғам мүшесі саналы түрде үйренсе дейсің. Президентіміздің жуырдағы мақаласында санамызды өзгерту жайы жақсы айтылды. Сананы өзгертудің бір ұшы мемлекеттік тілге деген оң көзқарас орнықтырып, соған сай әрекет етуге көшуде жатқан жоқ па?!

Еліміздің ұлтаралық саясаты – достыққа, бірлік пен ынтымаққа негізделіп келеді. Бұл дұрыс. Бірлік бар жерде – тірлік бар. Ал енді осы құндылықтар арқылы қоғам мүшелері қазақ тілінің дәрежесін арттыруға күш салып, белсенділік танытулары керек-ақ. Бірақ ондай белсенділік әзірге байқалмай келе жатқанын несіне жасырайық. Бұған қашан және қай уақытта жетеміз? Жету үшін соған деген ниет, ықылас та, ең бастысы қолдау керек. Әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеріп алуды өзі үшін парыз деп білсе және соған мақсатты түрде әрекет жасаса, нәтиже де ойдағыдай болады.

Ашығын айтайық, қазақ тілін үйренуге көбі әлі де селқос, немқұрайлы қарап жүр. Ал мемлекеттік тілге басымдық берген елдің тұтастығы берік болатындығын да ұмытпағанымыз абзал. Елбасымен жүздесуінде жазушы Смағұл Елубай ағамыз жақсы айтты. "Біз қазір біртілді болмауымыздан екіге бөлініп отырмыз" деді жазушы. Шын мәнінде солай. Қазақтілділер бір бөлек, орыстілділер бір бөлек кеңістікте өмір сүруде. Осы мәселені мемлекеттік тіліміздің мүддесіне орайластырып шешетін кез келген сияқты.

Екінші бір мәселе, Кеңестік кезден қалған түсінік пе, біз мемлекеттік тілімізде батыл сөйлеп, кеңінен қолдануды үйрене алмай келеміз. Мұның да өз әсері бар. Көп жағдайда қазақ тілінің мәртебесі биік екені білінбей қалып жатады. Осыны қаперімізден шығармасақ екен. Қоғамның өзі мемлекеттік тілді өркендетіп, туын биікке көтеруге серпіліс жасауы керек.

Тіл – татулық тірегіне айналсын. Бір шаңырақ астында жарасымды тіршілік кешіп жатқан түрлі этнос өкілдері қазақ тілін жаппай меңгеруге күш салса, «бір ұлт – бір ел» ұстанымы жүзеге асқан болар еді.

